234. Сол қарыншаның артқы қабырғасының ірі ошақты жеделдеу миокард инфарктының белгілері қай тіркемелерде байқалуы мүмкін?

- A) +II, III, aVF-тегі патологиялық Q тісшесі, ST сегменті изолинияда, T тісшесі теріс
- B) II, III, aVF тіркемелеріндегі ST депрессиясы, I, II, aVL тіркемелерде T тісшесі теріс
- C) II, III, aVF тіркемелеріндегі ST депрессиясы, I, II, aVL тіркемелеріндегі ST сегментінің көтерілуі
- D) I, II, aVL, V5- V6 тіркемелеріндегі ST сегментінің көтерілуі, II, III, aVF тіркемелеріндегі ST депрессиясы.



Е) I, aVL V1- V3 тіркемелеріндегі ST сегментінің көтерілуі, II, III, aVF тіркемелеріндегі ST депрессиясы

235. Трансмуральді миокард инфарктының тыртықты кезеңіне не тән:

- А) монофаза күйіндегі ST сегментінің изолиниядан жоғары көтерілуі
- В)+ Патологиялық QS тісшесі, ST сегментінің изолиниядан, Т тісшесі оң.
- С) симметриялы теріс Т тісшесі
- Д) миокард инфарктының қабырғасына қарама-қарсы тіркемелеріндегі реципрокты өзгерістер
- Е) ST сегментінің төмен қарап тұрған доғасы бар депрессиясы

236. Алдыңғы-шеткі қабырғасының трансмуральді инфаркты бар 52 жастағы Д. науқастың 7 –күні жыпылықтаушы аритмияның пароксизмі пайда болды. Объективті: Жағдайы ауыр. ТЖ минутына 22. Жүрек тондары бәсең, ырғағы бұзылған, төстің сол жағында прекардиалды пульсация, эпицентрі 4-қабырға аралықта, жүрек ұшында



систолалық шуыл, пульсация аймағында «шиқылдың шуылы». Осы мезетте ЭКГ –да қандай өзгерістер бола алады?

- A) ST сегментінің изолинияға жақындауы, коронарлы теріс Т тісшесі
- B) ST сегментінің изолинияда, коронарлы теріс Т тісшесі
- C) +ST сегментінің изолиниядан жоғары көтерілуі, Т тісшесі оң
- D) ST сегментінің изолинияда, оң коронарлы Т тісшесі
- E) ST сегментінің изолинияға жақындауы, Т тісшесі екі фазалы

237. Егер қайталанбалы инфаркт бұрынғы тыртық орнына қарама қарсы қабырғада пайда болып және көлемі бойынша бұрынғы тыртықтан көп болса, ЭКГде болады:

- A) Т тісшесі өзгермейді, патологиялық Q тісшесі пайда болады
- B) Т тісшесі екіфазалы, патологиялық Q тісшесі пайда болады
- C) +ST сегменті көтеріледі, патологиялық Q тісшесі, кейін теріс Т тісшесі пайда болады
- D) ST сегменті көтеріледі, патологиялық Q тісшесі, кейін оң Т тісшесі пайда болады



Е) ST сегменті төмендейді, патологиялық Q тісшесі, кейін оң T тісшесі пайда болады

238. Алдыңғы қалқалы миокард инфаркті және Гисс шоғыры оң аяқшасының блокадасы кезінде ЭКГде пайда болады:

А) V1- V2 тіркемелерінде rSR

В) V5- V6 тіркемелерінде Q тісшесі

С) V4 тіркемесінде ST сегменті көтеріледі, кейін теріс T тісшесі пайда болады, QRS комплексі кеңейген

Д) +V1- V2 тіркемесінде ST сегменті көтеріледі, кейін теріс T тісшесі пайда болады, QRS комплексі кеңейген

Е) V1- V6 тіркемесінде ST сегменті көтеріледі, кейін теріс T тісшесі пайда болады, QRS комплексі кеңейген

239. Сол қарынша бүйір қабырғасының миокард инфаркті және Гисс шоғыры оң аяқшасының блокадасы кезінде ЭКГде пайда болады:



- A) кең және терең Q тісшесі, V1- V2 тіркемелерінде кең S тісшесі
- B) +кең және терең Q тісшесі, V5-V6 тіркемелерінде кең S тісшесі
- C) кең және терең Q тісшесі, V4 тіркемелерінде кең S тісшесі
- D) AVF тіркемесінде ST сегментінің көтерілуі
- E) V1-V2 тіркемесінде ST сегментінің көтерілуі

240. Сол қарынша артқы қабырғасының миокард инфаркті және Гисс шоғыры оң аяқшасының блокадасы кезінде ЭКГде пайда болады:

- A) патологиялық Q тісшесі және V1-V2 тіркемелеріндегі кеңейген R тісшесі
- B) + патологиялық Q тісшесі және II, III, AVF тіркемелеріндегі кеңейген R тісшесі
- C) патологиялық Q тісшесі және V4 тіркемесіндегі кеңейген R тісшесі
- D) II, III, AVF тіркемелеріндегі патологиялық Q тісшесі
- E) V5-V6 тіркемелеріндегі патологиялық Q тісшесі



241. Сол қарынша алдыңғы қабырғасының миокард инфаркті және Гисс шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы кезінде ЭКГде пайда болады:

- A) +V5-V6, I, AVL тіркемелеріндегі q тісшесі
- B) I, AVL тіркемелеріндегі q тісшесі
- C) I, AVF тіркемелеріндегі q тісшесі
- D) II, AVL тіркемелеріндегі q тісшесі
- E) V1-V2 тіркемелеріндегі q тісшесі

242. Сол қарынша алдыңғы-бүйір қабырғасының миокард инфаркті және Гисс шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы кезінде ЭКГде пайда болады:

- A) +ST сегменті көтерілуі, V4-V6, I, AVL тіркемелерінде оң T тісшесі
- B) ST сегменті төмендеуі, V5-V6, I, AVL тіркемелерінде теріс T тісшесі
- C) III, AVF тіркемелерінде ST сегменті көтерілуі
- D) I, AVL тіркемелерінде биік P тісшесі
- E) V4-V6 тіркемелерінде биік R тісшесі



243. Науқас ер кісі, 43 жаста, емханаға келгендегі шағымдары: бірінші қабатқа көтерілгенде төс артының күйдіріп ауыруы, физикалық жүктемені доғарғанда ауыру сезімі басылады. Об-ті: абдоминальді түрде семіздік. Жүрек тондары бәсеңдеген, қолқада қатайған. ЖСЖ- минутына 82 рет. АҚ 170/100 мм.сн.бғ. Бауыры пальпацияланбайды. Аяқтарында ісінулер жоқ. ЭКГ: сиусты ырғақ. ЖЭӨ ығысқан. Сол қарынша гипертрофиясының белгілері. Төмендегі ЭКГ мәліметтердің қайсы осы науқасқа сәйкес келеді?

- А) ЖЭӨ оңға ығысқан, өтпелі аймақ солға ығысқан, R тісшесі $V_{1,3} + SV_{5,6} = 18$ мм.
- Б) +ЖЭӨ солға ығысқан, өтпелі аймақ оңға ығысқан, R тісшесі $V_{5,6} + SV_{1,2} > 45$ мм.
- С) ЖЭӨ қалыпты бағытта, өтпелі аймақ V_3 әкетуінде, R тісшесі $V_{5,6} + SV_{1,2} = 10$ мм.
- Д) ЖЭӨ солға ығысқан, өтпелі аймақ оңға ығысқан, R тісшесі $V_{5,6} + SV_{1,2} = 19$ мм.
- Е) ЖЭӨ оңға ығысқан, өтпелі аймақ солға ығысқан, R тісшесі $V_{1,3} + SV_{5,6} = 7$ мм.



244. Науқас ер кісі, 50 жаста, емханаға күштеме кезінде кенет пайда болатын еңтігу ұстамаларына шағымданып келді, ВЭМ-сынағы өткізілді: 50 ватт күштеменің 2-ші минутында ЭКГ-да политоқты топтасқан қарыншалық экстрасистолалар пайда болды, соған байланысты сынақ тоқтатылды. Уақытынан ерте пайда болатын қарыншалық комплекстердің белгілерін көрсетіңіз.

- А) Р тішесі жоқ, QRS кеңейген, деформацияланған, толық емес компенсаторлық үзіліс
- В) +Р тішесі жоқ, QRS кеңейген, деформацияланған, толық компенсаторлық үзіліс
- С) Р тішесі жоқ, QRS өзгермеген, толық емес компенсаторлық үзіліс
- Д) Р тішесі кеңейген, деформацияланған QRS комплексінің алдында теріс
- Е) Р тішесі кеңейген, деформацияланған QRS комплексінің артында

245. Науқас әйел, 55 жаста, 20 жылдан бері АГ ауырады, 3 жыл бұрын миокард инфаркті болған. ЭКГ-да: Р тішесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,07 сек, ЖСЖ -72 рет 1 мин. $RI > RII > RIII$, AVF тіркемесінде тіше $S > R$, PQ интервалы – 0,18 сек., QT-0,44 сек., V_1 ден V_6 дейін R



тісшесінің өсуі жоқ, осы тіркемелерде QRS комплексі QS түрінде, ST сегменті изосызықта, T тісшесі оң. Дұрыс ЭКГ қорытындысын көрсетіңіз:

- А) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта, төменгі локализациялы тыртық өзгерістері
- В) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ вертикальді бағытта, алдыңғы-қарынша аралық аймақтың тыртық өзгерістері
- С) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, төменгі локализациялы тыртық өзгерістері
- Д) +Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, алдыңғы қабырғаға таралған тыртық өзгерістері
- Е) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, бүйір қабырғаларының тыртық өзгерістері

246. 53 жасар ер адам, дачасында жұмыс жасаған кезінде жүрек тұсында қысып ауыру сезімі пайда болатынына және ол жүктемені тоқтатқанда азайатындығына



шағымданады. Осындай жағдай былтырдан бері мазалап жүр. Анамнезінде 10 жыл бұрын ауыр пневмонияны өткерген. ЭКГ-да: Р тішесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,08 сек, ЖЖЖ минутына 70 рет, $R_{III} > R_{II} > R_{I}$, PQ интервалы – 0,19 сек., QT-0,42 сек. Қарыншалық комплекс V_1 және V_2 шықпаларда М тәрізді ұзақтығы 0,14 сек. Дұрыс қорытындыны таңдаңыз:

- а) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- в) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ солға ығысуы, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- с) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- д) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ вертикальді бағытта, Гис шоғыры оң аяқшасының толық блокадасы
- е) +Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ оңға ығысуы, Гис шоғыры оң аяқшасының толық блокадасы



247. Науқаста жүректің туа пайда болған ақауы диагнозына күмәнденып фонокардиографиялық зерттеу жүргізілді: жүрек ұшында максимальді анықталатын бәсеңдейтін пішіндегі систолалық шу, I тон амплитудасының төмендеуі анықталды, III тон тіркелді. ЭКГ: синусты ырғақ минутына 78 рет, жүректің электрлік өсі солға ығысқан, I, AVL, V1 әкетулерінде P тісшесінің ұзақтығы 0.12 сек, екі өркешті, оның екінші өркеші бірінші өркешінен биік, кеуделік әкетулерде $RV6 > RV5$, $RV6 + SV1 > 38$ см. Осы аускультациялық және ЭКГ мәліметтер қандай ауруға тән болуы мүмкін?

- A) Митральді стенозға
- B) Трикуспидальді стеноз
- C) Трикуспидальді жетіспеушілікке
- D) +Митральді жетіспеушілікке
- E) Өкпе артериясы қақпақшаларының жетіспеушілігіне



248. Науқас Н. ер кісі, 60 жаста, жүрек тұсының қысып ауыруына, жүрек ырғағы бұзылысының сезіміне, преиодты түрде есінен тануларға шағымданады. Объективті: жүрек шекаралары солға үлкейген, жүрек ұшында систолалық шу, қолқада II тон қатайған; АҚ – 160/100 мм сн.бғ. ЭКГ: жүректің электрлік өсі солға ығысқан. Өз алдына жеке екі ырғақ: жүрекшелер ырғағы (80 рет мин) және қарыншалар (40 рет мин). Р тісшесі ЭКГ-ның кез келген жерінде пайда болады; QRS комплексі Р тісшесіне байланыссыз пайда болады, деформацияланған

Осы ЭКГ мәліметтерін қалай бағалайсыз?

- А) +III дәрежелі АВ блокада
- В) II дәрежелі АВ блокада
- С) I дәрежелі АВ блокада
- Д) I дәрежелі синоаурикулярлы блокада
- Е) II дәрежелі синоаурикулярлы блокада



249. Ер кісі 65 жаста, физикалық жүктеме (2-ші этажға көтерілгенде, жылдам жүргенде) кезінде пайда болып және тыныштық күйде жойылатын сол қолға, йыққа және мойынға иррадиацияланатын кеудесінің сол жақ бөлігіндегі қысып ауыруына шағымданады. Мұндай ауыру сезімдері бірнеше жылдан бері мазалайды. ЭКГ – жүректің электрлік өсі айқын оңға ығысқан ($\alpha = +130^\circ$), I, AVL әкетулерде QRS комплексі rS түрде, III, AVF әкетулерде – qR түрінде; QRS комплексінің ені 0.10 сек. Осы ЭКГ мәліметтерін қалай бағалайсыз?

- A) Гис шоғыры сол аяқшасының алдыңғы тармағының блокадасы
- B) +Гис шоғыры сол аяқшасының артқы тармағының блокадасы
- C) Гис шоғыры сол аяқшасының блокадасы
- D) Гис шоғыры оң аяқшасының блокадасы
- E) Жүрекшеішілік блокада

250. Науқас әйел 30 жаста, жүректің созылмалы ревматикалық ауруымен науқастанады, жүрек қағуы, ентігу, жүрек тұсында тұйық ауру сезімдері пайда болды. ЭКГ – жүректің



электрлік өсі айқын солға ығысқан ($\alpha = -60^\circ$), I, AVL әкетулерде QRS комплексі qR түрінде, ал III, II, AVF әкетулерде rS түрінде. QRS комплексінің ұзақтығы - 0.11 сек. Дұрыс ЭКГ қорытындысын көрсетіңіз:

- A) +Гис шоғыры сол аяқшасының алдыңғы тармағының блокадасы
- B) Гис шоғыры сол аяқшасының артқы тармағының блокадасы
- C) Гис шоғыры сол аяқшасының блокадасы
- D) Гис шоғыры оң аяқшасының блокадасы
- E) Жүрекшеішілік блокада

251. Бронх демікпесі және артериальді гипертензиямен науқас әйел капотен қабылдайды және ұстамаларын тоқтату үшін тайлед, беротек күніне 1-2 реттен қабылдайды, жалпы тәжірибелік дәрігерге қаралғанда тұрақты түрдегі құрғақ жөтелге шағымданады. ЭКГ: жүректің электрлік өсі айқын солға ығысқан ($\alpha = -45$ градусов), V_1-V_2 әкетулерде rsR' комплекстері ұзақтығы 0.12 сек., V_5-V_6 әкетулерде кеңейген және тішеленген S тішесі. Осы ЭКГ белгіге дұрыс қорытындыны көрсетіңіз:



- A) Гис шоғырының сол аяқшасының толық блокадасы
- B) Гис шоғыры сол аяқшасының артқы тармағының блокадасы
- C) Гис шоғыры сол аяқшасының алдыңғы тармағының блокадасы
- D) +Гис шоғырының оң аяқшасының толық блокадасы
- E) Гис шоғырының оң аяқшасының толық емес блокадасы

252. Стационарға 52 жастағы әйел адам жүрек қағу, жүректің тоқтап қалу сезімі, төс артындағы сыздап шаншып ауыру, оның сол иыққа таралуы, тез жүрген кездегі ентігу, бас ауру, тершендік, тасу шағмдарымен келіп түсті. ЭКГ – синусты ырғақ, жиі уақытынан ерте P және QRS комплекстерімен үзіледі. Осы комплекстердегі P тісшесі екіфазалы, PQ сегмент 0,04 сек, QRS 0,1 сек., уақытынан бұрын пайда болған комплекстің алдындағы интервал және уақытынан бұрын пайда болған комплекстен кейінгі интервалдың қосындысы 2 R-R аралығынан аз. Уақытынан пайда болған комплекстердің ЭКГ тұжырымын көрсетіңіз:



- А) жүрекшелер мен қарыншалардың бір мезгілде жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- В) қарыншалардың уақытынан бұрын жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- С) қарыншалық экстрасистолия
- Д) +жүрекшенің ортаңғы бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия
- Е) жүрекшенің төменгі бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия

253. 67 жастағы ер адам, аздаған физикалық жүктеме кезіндегі ентігу, төс артындағы қысып ауыру, оның сол қолға, сол иыққа таралуына, жүрек қағу сезімдеріне шағымданады. Жүрек тондары тұнықталған, ырғақсыз, жүрек соғу жиілігі мен пульс 64 рет минутына, АҚҚ – 130/85 мм.сын.бағ. ЭКГ – ырғақ синусты, жиі уақытынан ерте QRS комплекстерімен үзіледі. Осы комплекстер алдында P тісшесі жоқ, QRS ені 0,14 сек. дискордантты QRST, уақытынан бұрын пайда болған комплекстің алдындағы интервал және уақытынан бұрын пайда болған комплекстен кейінгі интервалдың



қосындысы 2 R-R аралығына тең. Уақытынан пайда болған комплекстердің ЭКГ тұжырымын көрсетіңіз:

- A) жүрекшелер мен қарыншалардың бір мезгілде жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- B) қарыншалардың уақытынан бұрын жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- C) +қарыншалық экстрасистолия
- D) жүрекшенің ортаңғы бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия
- E) жүрекшенің төменгі бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия

254. Науқас әйел кісі 50 жаса, шағымдары: жүрегiнiң тоқтап қалу сезiмi, жалпы әлсiздiк. ЭКГ – синусты ырғақ, жиi уақытанан бұрын пайда болған P және QRS комплекстерiмен үзiледi. Бұл комплекстердiң P тiсшесi терiс, PQ сегментi 0,04 сек, QRS 0,1 сек., уақытынан бұрын пайда болған комплекстiң алдындағы интервал және уақытынан бұрын пайда болған комплекстен кейiнгi интервалдың қосындысы 2 R-R аралығынан аз. Уақытынан пайда болған комплекстердiң ЭКГ тұжырымын көрсетiңiз:



- А) жүрекшелер мен қарыншалардың бір мезгілде жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- В) қарыншалардың уақытынан бұрын жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- С) қарыншалық экстрасистолия
- Д) жүрекшенің ортаңғы бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия
- Е) +жүрекшенің төменгі бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия

255. Стационарға 44 жастағы ер кісі жеткізілді, шағымдары: жүрегiнiң қысып ауыруы, ұзақтығы 20 мин. дейiн. Жүрек тондары бәсеңдеген, ырғағы дұрыс емес. ЖЖЖ минутына 92 рет. АҚ – 110/75 мм сн.бғ. ЭКГ – синусты ырғақ, жиі уақытанан бұрын пайда болған QRS және P комплекстерімен үзіледі. Бұл комплекстердің P тісшесі теріс QRS комплексінен кейін, QRS 0,1 сек., уақытынан бұрын пайда болған комплекстің алдындағы интервал және уақытынан бұрын пайда болған комплекстен кейінгі интервалдың қосындысы 2 R-R аралығынан аз.

Уақытынан пайда болған комплекстердің ЭКГ тұжырымын көрсетіңіз:



- А) жүрекшелер мен қарыншалардың бір мезгілде жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- В) +қарыншалардың уақытынан бұрын жиырылуымен түйінді экстрасистолия
- С) қарыншалық экстрасистолия
- Д) жүрекшенің ортаңғы бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия
- Е) жүрекшенің төменгі бөліктерінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия

256. Науқас 57 жастағы ер адам аздаған физикалық жүктеме кезіндегі ентігу, төс артындағы қысып ауырсыну, оның сол қолға, сол иыққа таралуы, бас ауыруы, жүрек қағу ұстамаларына шағымданып келді. ЭКГ – ырғақ жиілігі минутына 160 рет, ырғағы фиксирленген, QRS комплекстерінің алдында Р тісшесі жоқ. Қарыншалық комплекстердің ені 0,06 сек., пішіні өзгермеген. Осы ЭКГ мәліметіне сәйкес патологияны таңдаңыз:

- А) жүрекшенің төменгі бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия
- В) жүрекшенің ортаңғы бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия



- С) қарыншалардың ерте қозуымен пароксизмальді түйінді тахикардия
- D) +жүрекшелер мен қарыншаларға бір мезгілде өткізілуімен пароксизмальді түйінді тахикардия
- E) қарыншалық пароксизмальді тахикардия

257. 70 жастағы әйел адам, кенет пайда болатын жүрек қағу, ауа жетпеу сезімі, төс артындағы қысып, басып ауырсыну сезімі, оның сол қолға таралуы, аяқтардағы ісіну, әлсіздікке шағымданады. ЭКГ – ырғақ жиілігі 200 рет минутына, ырғақ фиксирленген, II, III және aVF тіркемелерінде теріс P тісшесі бар, aVR тіркемесінде оң P тісшесі, P тісшелері арасында изосызық бар. Қарыншалық комплекстер 0,06 сек. Осы ЭКГ мәліметіне сәйкес патологияны таңдаңыз:

- A) +жүрекшенің төменгі бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия
- B) жүрекшенің ортаңғы бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия
- C) қарыншалардың ерте қозуымен пароксизмальді түйінді тахикардия



- D) жүрекшелер мен қарыншаларға бір мезгілде өткізілуімен пароксизмальді түйінді тахикардия
- E) қарыншалық пароксизмальді тахикардия

258. Стационарға 37 жасар ер адам кенет әлсіздік, ауа жетпеу сезімі, бас айналу, жүрек айну шағымдарымен әкелінді. Қараған кезде: терісі боз, ылғалды, ерін цианозы, жүрек шекарасы екі жаққа дейін кеңейген, тахикардия, соғу жиілігі мен пульсті есептеу мүмкін емес, жүрек тондары тұнық, АҚҚ – 85/65 мм.сын.бағ. ЭКГ – ырғақ жиілігі 170 рет минутына, ырғақ фиксирленген, қарыншалық комплекстер 0,18 сек., деформацияланған, ST сегменті және Т тісшесі QRS комплексіне байланысты дискордантты орналасқан, Р тісшесі анықталмайды.

Осы ЭКГ мәліметіне сәйкес патологияны таңдаңыз:

- A) жүрекшенің төменгі бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия
- B) жүрекшенің ортаңғы бөлігінен шыққан пароксизмальді жүрекшелік тахикардия
- C) қарыншалардың ерте қозуымен пароксизмальді түйінді тахикардия



- D) жүрекшелер мен қарыншаларға бір мезгілде өткізілуімен пароксизмальді түйінді тахикардия
- E) +қарыншалық пароксизмальді тахикардия

259. Клиникаға 69 жастағы ер адам үнемі жүрек қағу, аздаған физикалық жүктеме кезіндегі ендігу, төс артындағы қысып ауырсыну, оның сол қолға таралуы, изокет спреймен қысқа уақытқа басылуы, бас айналу, әлсіздік шағымдарымен келіп түсті. ЭКГде: ырғақ дұрыс емес, жиілігі шамамен 138 рет минутына, Р тісшесі жоқ, V1 тіркемесінде ұсақ амплитудалы толқындар анықталады, электрлік ось солға ығысқан, алдыңғы-септалды және жүрек ұшында трансмуральды инфарктен кейінгі тыртықты өзгерістер бар. Бұл қандай ырғақ бұзылыс болуы мүмкін?

- A) +жүрекшелер фибрилляциясы
- B) қарыншалар фибрилляциясы
- C) жүрекше тыпырлауы
- D) қарыншалар тыпырлауы



Е) жиі жүрекшелік экстрасистолия

260. 46 жастағы ер адам жүрек соғуына, жүректің шалыс қағуына, аздаған физикалық жүктеме кезіндегі елтігуге шағымданады. Жүрек шекарасы көлденеңінен кеңейген, тондары тұнық, ырғағы дұрыс емес, тахикардия, пульс дефициті шамамен 22 рет минутына, АҚҚ 95/60 мм.сын.бағ. ЭКГ – Р тішесі жоқ, V1 әкетуінде ұсақ амплитудалы толқындар анықталады, қарыншалар жиырылу саны шамамен 135 рет минутына, қарыншалық комплекстер арасындағы интервал әркелкі. Бұл қандай ырғақ бұзылыс болуы мүмкін?

- А) +жүрекшелер фибрилляциясы
- В) қарыншалар фибрилляциясы
- С) жүрекше тыпырлауы
- Д) қарыншалар тыпырлауы
- Е) жиі жүрекшелік экстрасистолия



261. 60 жастағы әйел адам түнде жиі жүрек қағу, жүректің шалыс қағуы, ауа жетпеу сезімі, әлсіздік шағымдарымен келіп түсті. ЭКГ- қарыншалар жиырылу саны шамамен 175 рет минутына, Р тісшесі анықталмайды, оң жақ кеуде тіркемелерінде әр түрлі пішіндегі толқындар бар, QRS комплексі -0,08 сек., жүрек электр осі солға ығысқан. Сол қарынша гипертрофиясы белгілері бар. Бұл қандай ырғақ бұзылыс болуы мүмкін?

- A) қарыншалар фибрилляциясы
- B) +жүрекшелер фибрилляциясы
- C) жүрекше тыпырлауы
- D) қарыншалар тыпырлауы
- E) жиі жүрекшелік экстрасистолия

262. Ауруханада 17 жастағы жас адам кенет басталатын және сол сияқты кенет тоқтайтын, ұзақтығы 10-15 минутқа созылатын, жалпы әлсіздікпен, бас айналуына әкелетін жүрек қағу ұстамаларына байланысты тексерілуде. ЭКГ – барлық әкетулерде



P (+), R=R, RII>RI>RIII, PQ-0,07; QRS- 0,15, QT-0,42 с., ЖЖЖ- минутына 88 рет, I, avL, V₄-V₆ әкетулерде оң Δ-толқыны. Бұл синдром қалай аталады?

- A) Морганьи-Адамс-Стокс синдромы
- B) +W-P-W синдромы
- C) Фредерик синдромы
- D) ерте реполяризация синдромы
- E) Клерк-Леви-Критеску синдромы

263. Науқас ер кісі 56 жаста, 200 метрге жетпей жүріп өткенде төс артының қысып ауыруына, сол қолға және сол жауырын аймағына берілетініне шағымданады. ЭКГ – синусты ырғақ, уақытынан бұрын пайда болатын жиі QRS комплекстерімен үзіледі. Бұл комплекстердің алдында P тісшесі жоқ, QRS ені 0,12 сек., осындай комплекстердің алдындағы интервал мен осындай комплекстерден кейінгі интервал қосындысы 2 R-R аралығынан үлкен, RI>RII>RIII, III-ші стандарттық әкетуде R<S, AVF R<S, QT-0,62 с., ЖЖЖ минутына 76, PQ-0,12; QRS- 0,1. Бұл қандай ырғақ бұзылысы болуы мүмкін?



- A) жүрекшелер мен қарыншалардың бір мезгілде қозуымен түйінді экстрасистолия
- B) қарыншаның уақытынан бұрын қозуымен түйінді экстрасистолия
- C) +қарыншалық экстрасистолия
- D) жүрекшенің ортаңғы бөлігінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия
- E) жүрекшенің төменгі бөлігінен шыққан жүрекшелік экстрасистолия

264. Жүрекшелердің пароксизмальді тахикардиясымен науқаста кордарон қабылдағаннан кейін екі жаққа бағыталған қарыншалық тахикардия (torsade de pointes) ұстамасы пайда болып нәтижесінде науқас өлді. Қандай өзгерістердің дамуы қарыншалық тахикардияға әкелуі мүмкін?

- A) P тісшесі ұзаруы
- B) PQ интервалының ұзаруы
- C) ST сегментінің ұзаруы
- D) +Пролонгирленген QT интервалы
- E) P тісшесінің қысқаруы



265. 48 жастағы ер адам, шағымдары- 30 мин асатын, төстің тұсында қысып ауыратын, сол иық пен сол жағына тарайтын ауыру сезімімен стационарға түскен. Жағдайы орташа ауырлықта, тахипноэ, тері жабындылары ылғалды, АҚ сын бағ. б. 90/60 мм. Пульсі минутына 65, толуы әлсіз. жүрек тондары бәсең. Өкпесінің төменгі-артқы бөліктерінде ылғалды сырылдар. ЭКГсында: II, III, aVF тіркемелеріндегі ST сегментінің депрессиясы.

Науқастың диагнозы қандай болуы мүмкін?

- А) ЖИА, алдыңғы қабырғаның жедел Q-инфаркты
- В) ЖИА, төменгі локализациялы Q-инфаркты
- С) ЖИА, алдыңғы қабырғаның жедел Q- емес инфаркты
- Д) +ЖИА, төменгі локализациялы Q- емес инфаркты
- Е) ЖИА, бүйір қабырғаларының Q-инфаркты



266. 55 жастағы ер адам, эпигастрий аймағындағы ауыру сезімі, жүрегiнiң айнуы, құсу, iшiнiң желденуiмен ауруханаға жатқызылды. Жағдайы орташа ауырлықта. Терi жамылғылары ылғалды, боз. Жүрек тондары бәсең, ритмдi. ЖСЖ минутына 60 рет, АҚ сын. бағ. б. 110\70 мм. Iшi жұмсақ, эпигастрий аймағында ауыру сезiмi бар. Тропонин деңгейi Т – 0,3 нг/мл. ЭКГ: артқы – диафрагмальдi аймақтың субэндоардиальдi миокард инфарктi. Осы патология тән белгiлердi көрсетiңiз:

- А) +II, III, AVF әкетулерде ST сегментiнiң 5 мм-ден аса депрессияланып терiс Т тiсшесiне өтуi
- В) I, AVL, V1-ден бастап V6-ға дейiнгi әкетулерiне дейiн ST сегментiнiң 5 мм-ден аса депрессияланып терiс Т тiсшесiне өтуi
- С) I, AVL, V1-ден V4-ке дейiнгi әкетулерде ST сегментiнiң 5 мм-ден аса депрессияланып терiс Т тiсшесiне өтуi
- Д) I, AVL, V1-ден V4-ке дейiнгi әкетулерде ST сегментiнiң 5 мм-ден аса элевацияланып оң Т тiсшесiне өтуi



Е) II, III, AVF әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса элевацияланып оң Т тішесіне өтуі

267. 54 жастағы ер адам, 6 сағатқа созылған төстің тұсындағы күйіп тұратын, сол қолына таралатын ауыру сезіміне шағымданады. Сонымен қатар ауа жетіспеушілік, тершеңдік, нитроглицериннен басылмайды. Тропонин I – 2,3 нг/мл. ЭКГ – ритмі синусты 80 р минутына, ЖЭО -горизонтальды. V1-V3 тіркемелеріндегі ST сегменті депрессияланып теріс Т тішесіне өткен. Науқастың диагнозы қандай болуы мүмкін?

- А) ЖИА, алдыңғы қабырғаның жедел Q-инфаркты
- В) ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q-инфаркты
- С) +ЖИА, алдыңғы-қалқалық аймақтың жедел Q- емес инфаркты
- Д) ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q- емес инфаркты
- Е) ЖИА, бүйір қабырғаларының жедел Q-инфаркты



268. 75 жастағы ер адам, Шағымдары: 5 сағатқа созылған төстің тұсындағы күйіп тұратын, сол қолына таралатын ауыру сезімі. Сонымен қатар ауа жетіспеушілік, тершендік, нитроглицерин қабылдамады. Тропонин I – 2,8 нг/мл. ЭКГ – синусты тахикардия 95 р минутына, ЖЭО -горизонтальды. V1-V6 тіркемелеріндегі ST сегменті депрессияланып теріс Т тісшесіне өткен.

Науқастың диагнозы қандай болуы мүмкін?

- A) ЖИА, алдыңғы қабырғаның жедел Q-инфаркты
- B) ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q-инфаркты
- C) +ЖИА, алдыңғы қабырғаға таралған жедел Q- емес инфаркты
- D) ЖИА, үдемелі стенокардия
- E) ЖИА, бүйір қабырғаларының жедел Q-инфаркты

269. 58 жастағы ер адам, шағымдары- теннис ойнаған кезінде ұзаққа созылған жүрек ұстамасы пайда болған. Төстің тұсында қысып ауыратын, сол иық пен сол жағына тарайтын ауыру сезімімен стационарға түскен. Науқастың жағдайы ауыр. Тері



жамылғылары ылғалды, тахипноэ, диффузды сұр цианоз. АҚ б. 80/60 мм.сын.бағ. Пульсы минутына 35 рет, толуы әлсіз. Жүрек тондары өте бәсең. Өкпесінің төменгі-артқы бөліктерінде ылғалды сырылдар. ЭКГ-сында: II, III, AVF тіркемелерінде патологиялық Q тішесі және ST сегментінің элевациясы, PQ интервалының ұзаруы мен әрбір екінші қарыншалық комплекстерінің түсіп қалуы. ЭКГ өзгерістеріне сәйкес диагнозды таңдаңыз:

- A) ЖИА, алдыңғы қабырғаны жедел Q-инфарктымен I дәрежелі AV блокадасы
- B) +ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q-инфарктымен II дәрежелі AV блокадасы
- C) ЖИА, алдыңғы қабырғаның жедел Q-емес инфарктымен I дәрежелі AV блокадасы
- D) ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q-емес инфарктымен II дәрежелі AV блокадасы
- E) ЖИА, бүйір қабырғаларының жедел Q-инфарктымен II дәрежелі AV блокадасы

270. 60 жастағы әйел адам, клиникаға 2 сағатқа созылған ауыру сезімімен «жедел жәрдеммен» әкелінді. Шағымдары: төстің тұсында қатты қырнап қысып ауыру сезімі



ұйықтап жатқанда пайда болған. Науқас оянған соң (арасына 3 минут салып 2 таблетка), нитроглицерин қабылдады, ауыру сезімі күшейе берді де, кеудесінің торының сол аумағына, екі қолына, мойны мен астыңғы жағына таралды. ЭКГ: алдыңғы-қалқалық аймақтың, жүрек ұшының трансмуральды миокард инфаркті, жедел кезеңінің белгілері. Осыған сәйкес өзгерістерді таңдаңыз:

- A) +I, AVL, V1-V4 әкетулерде R тісшесі жоқ, патологиялық QS тісшесі және ST сегментінің 6 мм-ден аса элевацияланып оң T тісшесімен қосылуы
- B) II, III, AVF әкетулерде R тісшесі жоқ, патологиялық QS тісшесі және ST сегментінің 6 мм-ден аса элевацияланып оң T тісшесімен қосылуы
- C) II, III, AVF әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі
- D) I, AVL, V1-ден V6-ға дейінгі әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі
- E) I, AVL, V1-ден V4 ке дейінгі әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі



271. 60 жастағы ер адам, бірнеше жыл стенокардиямен ауырады, эпигастрий аймағындағы ауыру сезімі, жүрегінің айнуы, құсу, ішінің желденуі шағымдарымен ауруханаға жатқызылды. ЭКГ: артқы -диафрагмальды аймақтың жедел трансмуральді миокард инфаркті. Осыған сәйкес өзгерістерді таңдаңыз:

- А) I, AVL, V1-V4 әкетулерде R тісшесі жоқ, патологиялық QS тісшесі және ST сегментінің 6 мм-ден аса элевацияланып оң T тісшесімен қосылуы
- В) +II, III, AVF әкетулерде R тісшесі жоқ, патологиялық QS тісшесі және ST сегментінің 6 мм-ден аса элевацияланып оң T тісшесімен қосылуы
- С) II, III, AVF әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі
- Д) I, AVL, V1-ден V6-ға дейінгі әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі
- Е) I, AVL, V1-ден V4 ке дейінгі әкетулерде ST сегментінің 5 мм-ден аса депрессияланып теріс T тісшесіне өтуі



272. 60 жастағы ер адам, ауыр жағдайда өкпе ісінуінің клиникасымен интенсивті терапия блогына жеткізілді. ЭКГ: V_1-V_3 әкетулерінде QS комплексі, ST сегменті доға тәрізді көтеріліп Т тісшесімен қосылып кетеді. Осы ЭКГ өзгерістеріне сәйкес диагнозды таңдаңыз:

- A) +ЖИА, алдыңғы-қалқалық аймақтың жедел Q-инфаркты
- B) ЖИА, төменгі локализациялы Q-инфаркты
- C) ЖИА, алдыңғы қабырғаға таралған жедел Q- емес инфаркты
- D) ЖИА, үдемелі стенокардия
- E) ЖИА, бүйір қабырғалардың жедел Q-инфаркты

273. 56 жастағы ер адам, жүрек қағуы және төс артының күйдіріп ауыруның фоннда есінен танғаннан кейін ауруханаға жатқызылды. Жағдайы ауыр, боз, денесі суық термен қапталған. АҚ 70/50 мм.сын.бағ. Жүрек тондары бәсең, жиілеген. ЭКГ – қарыншалардың жиырылу жиілігі 180 рет минутына, қарыншалық комплекстері



кеңейген, 0,12 сек артық, деформацияланған. Ұстаманы тоқтатқаннан кейінгі ЭКГ: ритмі синусты 80 рет, V2-V4 тіркемелеріндегі патологиялық Q-тішесі, R тішесі жоқ, ST сегменті 6 мм жоғарылаған.

Осы клиникамен ЭКГ өзгерістеріне сәйкес диагнозды таңдаңыз:

- A) +ЖИА, алдыңғы қабырғада орналасқан жедел Q-инфаркты, қарыншалық пароксизмальді тахикардиямен асқынуы. Аритмиялық шок.
- B) ЖИА, төменгі локализациялы жедел Q-инфаркты, қарыншалық пароксизмальді тахикардиямен асқынуы. Аритмиялық шок.
- C) ЖИА, алдыңғы өабырғада орналасқан Q-емес инфаркты
- D) ЖИА, үдемелі стенокардия
- E) ЖИА, бүйір қабырғада орналасқан Q-инфаркты

274. Ер кісі 53 жаста, 2 жыл бұрын миокард инфарктімен ауырған, 500 м-ден аса жүргенде төс артының қысып ауыру сезіміне шағымданады. Ауыру сезімі жүрісін тоқтатқанда немесе нитроглицерин қабылдағаннан кейән жойылады. Қараған кезде:



Өкпеде везикулярлы тыныс, сырылдар жоқ. Жүрек тондары тұнықталған, ырғағы дұрыс. Іші жұмсақ, ауырсынусыз, бауыр және көк бауыр пальпацияланбайды. ЭКГ-да: Р тісшесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,07 сек, ЖСЖ -72 рет 1 мин. $RI > RII > RIII$, AVF тіркемесінде тісше $S > R$, PQ интервалы – 0,18 сек., QT-0,44 сек., V_1 ден V_4 дейін R тісшесінің өсуі жоқ, осы тіркемелерде QRS комплексі QS түрінде. Дұрыс ЭКГ қортытындысын көрсетіңіз:

- а) Синусты ырғақ минутына 72 рет, жүректің электрлі өсі оңға ығысқан, алдыңғы қабырғада тыртық өзгерістері
- в) Синусты ырғақ минутына 72 рет, жүректің электрлі өсі қалыпты бағытта, алдыңғы қабырғада тыртық өзгерістері
- с) Синусты ырғақ минутына 72 рет, жүректің электрлі өсі солға ығысқан, артқы қабырғада тыртық өзгерістері
- д) Синусты ырғақ минутына 72 рет, жүректің электрлі қалыпты бағытта
- е) +Синусты ырғақ минутына 72 рет, жүректің электрлі өсі солға ығысқан, алдыңғы қабырғада тыртық өзгерістері



275. Ауруханаға 52 жастағы ер адам жатқызылды , шағымдары: төс артындағы қысып ауыру, ауырсынудың сол қолға таралуы, ол 400 метрге дейінгі қашықтықты жүргенде пайда болады және 5 минутқа созылады, 2 аптадан бері мазалап жүр, нитроглицерин қабылдағанда тоқтайды. ЭКГ -да: R- R интервалдары бірдей, әр қарыншалық комплекстің алдында амплитудасы және ұзақтығы қалыпты P тісшелері бар; PQ - 0,12; QRS- 0,1, QT-0,36 сек. RI >RII >RIII, III және AVF әкетулерінде S > R. III және AVF әкетулерде QRS комплексі QS түрінде, Q = 0.02 сек, ST сегменті изосызықта, T тісшесі оң. Дұрыс ЭКГ қорытындысын көрсетіңіз:

- A) +Синусты ырғақ, жүректің электрлік өсі солға ығысқан
- B) Синусты ырғақ, жүректің электрлік өсі оңға ығысқан
- C) Синусты ырғақ, жүректің электрлік қалыпты бағытта
- D) Синусты ырғақ, жүректің электрлік өсі вертикальді бағытта
- E) Синусты ырғақ, жүректің электрлік өсі горизонтальді бағытта



276. Ауруханаға 42 жастағы ер адам жатқызылды, шағымдары: бірінші қабатқа көтерілгенде төс артының күйдіріп ауыруы, физикалық жүктемені доғарғанда ауыру сезімі басылады. Об-ті: абдоминальді түрде семіздік. Жүрек тондары бәсендеген, қолқада қатайған. ЖСЖ- минутына 82 рет. АҚ 170/100 мм.сн.бғ. Бауыры пальпацияланбайды. Аяқтарында ісінулер жоқ. ЭКГ: сиусты ырғақ. ЖЭӨ ығысқан. Сол қарынша гипертрофиясының белгілері. Төмендегі ЭКГ мәліметтердің қайсы осы науқасқа сәйкес келеді?

- A) +ЖЭӨ солға ығысқан, өтпелі аймақ оңға ығысқан, R тішесі $V_{5,6} + SV_{1,2} > 45$ мм.
- B) ЖЭӨ қалыпты бағытта, өтпелі аймақ V_3 әкетуінде, R тішесі $V_{5,6} + SV_{1,2} = 10$ мм.
- C) ЖЭӨ солға ығысқан, өтпелі аймақ оңға ығысқан, R тішесі $V_{5,6} + SV_{1,2} = 19$ мм.
- D) ЖЭӨ оңға ығысқан, өтпелі аймақ солға ығысқан, R тішесі $V_{1,3} + SV_{5,6} = 7$ мм.
- E) ЖЭӨ оңға ығысқан, өтпелі аймақ солға ығысқан, R тішесі $V_{1,3} + SV_{5,6} = 18$ мм.



277. 48 жастағы ер адамның ЭКГ-да политопты топтасқан қарыншалық экстрасистолалар анықталды. Уақытынан ерте пайда болатын қарыншалық комплекстердің белгілерін көрсетіңіз.

- А) Р тісшесі кеңейген, деформацияланған QRS комплексінің артында
- В) Р тісшесі жоқ, QRS кеңейген, деформацияланған, толық емес компенсаторлық үзіліс
- С) +Р тісшесі жоқ, QRS кеңейген, деформацияланған, толық компенсаторлық үзіліс
- Д) Р тісшесі жоқ, QRS өзгермеген, толық емес компенсаторлық үзіліс
- Е) Р тісшесі кеңейген, деформацияланған QRS комплексінің алдында теріс

278. Ауруханаға 53 жастағы ер адам жатқызылды, шағымдары: жылдам жүргенде пайда болатын төс артындағы қысып ауыру ұстамалары, ол ауыру сезімдері мойынның сол жақ бөлігіне, және қолдарына беріледі. Жоғарыдағы шағымдары 2 айдан бері мазалап жүр, нитроглицерин қабылдағанда жойылады. ЭКГ-да: Р тісшесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,10 сек, $R_{II} > R_{I} > R_{III}$, PQ



интервалы – 0,18 сек., қарыншалық комплекс – 0,08 сек., QT-0,42 сек., ЖСЖ- 75 рет 1 мин., $RV_4 > RV_5 > RV_6$. Қандай ЭКГ қорытынды келтіруге болады?

- А) Синусты ырғақ минутына 75 рет, ЖЭӨ солға ығысуы
- В) Синусты ырғақ минутына 75 рет, ЖЭӨ оңға ығысуы
- С) Синусты ырғақ минутына 75 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта, I дәрежелі АВ блокаданың ЭКГ белгілері
- Д) Синусты ырғақ минутына 75 рет, ЖЭӨ солға ығысуы, I дәрежелі АВ блокаданың ЭКГ белгілері
- Е) +Синусты ырғақ минутына 75 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта

279. Ауруханаға АГ-мен инфаркттан кейінгі кардиосклерозбен 55 жастағы әйел адам жатқызылды. ЭКГ-да: Р тісшесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,07 сек, ЖСЖ -72 рет 1 мин. $RI > RII > RIII$, AVF тіркемесінде тіше $S > R$, PQ интервалы – 0,18 сек., QT-0,44 сек., V_1 ден V_6 дейін R



тісшесінің өсуі жоқ, осы тіркемелерде QRS комплексі QS түрінде, ST сегменті изосызықта, Т тісшесі оң. Дұрыс ЭКГ қорытындысын көрсетіңіз:

- А) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, бүйір қабырғаларының тыртық өзгерістері
- В) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта, төменгі локализациялы тыртық өзгерістері
- С) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ вертикальді бағытта, алдыңғы-қарынша аралық перде аймағының тыртық өзгерістері
- Д) Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, төменгі локализациялы тыртық өзгерістері
- Е) +Синусты ырғақ минутына 72 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, алдыңғы қабырғаға таралған тыртық өзгерістері

280. Ауруханаға 50 жастағы ер адам жатқызылды, шағымдары: физикалық жүктемеде жүрек тұсында қысып ауыру сезімі пайда болатынына және ол жүктемені тоқтатқанда



жойылатынына шағымданады. Анамнезінде 10 жыл бұрын ауыр пневмонияны өткерген. ЭКГ-да: Р тішесі биіктігі 2,5 см, әрбір QRS комплексі алдында тіркеледі, доғал, ұзақтығы 0,08 сек, ЖЖЖ минутына 70 рет, $R_{III} > R_{II} > R_{I}$, PQ интервалы – 0,19 сек., QT-0,42 сек. Қарыншалық комплекс V_1 және V_2 шықпаларда М тәрізді ұзақтығы 0,14 сек. Дұрыс қорытындыны таңдаңыз:

- А) +Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ оңға ығысуы, Гис шоғыры оң аяқшасының толық блокадасы
- В) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ қалыпты бағытта, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- С) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ солға ығысуы, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- Д) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы
- Е) Синусты ырғақ минутына 70 рет, ЖЭӨ вертикальді бағытта, Гис шоғыры оң аяқшасының толық блокадасы



281. Ауруханаға 55 жастағы ер адам жатқызылды, шағымдары: АҚ жоғарылағанда кеуденің қысып ауыруы, жүрек айну, бас ауыру, бас айналу. Анамнезінде: 15 жылдан бері АГ зардап шегеді, АҚ максимумды 200/110 мм.сын.бағ. дейін жоғарылайды. ЭКГ – ырғағы ретсіз, әр қарыншалық комплекстердің алдында Р тішшелері бар, $\alpha - 30^0$, III, AVF әкетулерде $S > R$. QT-0,42 с., PQ-0,12; QRS- 0,11, $RV_6 > RV_5 > RV_4$. Дұрыс ЭКГ қорытындыны таңдаңыз:

- А) Синусты ырғақ 76 рет, ЖЭӨ оңға ығысқан, сол қарыншаның гипертрофиясы
- В) +Синусты ырғақ 76 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, сол қарыншаның гипертрофиясы
- С) Синусты ырғақ 76 рет, ЖЭӨ солға ығысқан, оң қарыншаның гипертрофиясы
- Д) Синусты ырғақ 76 рет, ЖЭӨ оңға ығысқан, оң қарыншаның гипертрофиясы
- Е) Синусты ырғақ 76 рет, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, сол қарыншаның гипертрофиясы

282. Ауруханаға 60 жастағы әйел адам жатқызылды, шағымдары: бас ауыру, бас айналу, жүрек соғуы, физикалық жүктемеден кейін, 2-ші қабатқа көтерілгенде енгігу.



Анамнезінде: соңғы кездері АҚ 190-200/90-100 мм сын бағ. дейін периодты жоғарылайды. ЭКГ: Синусты ырғақ минутына 80 рет, $R_I > R_{II} > R_{III}$, $PQ-0,22$; $QRS-0,09$, $QT-0,40$ с., $RV_6 > RV_5 > RV_4$. $RV_6 + SV_1 = 45$ мм.

Дұрыс ЭКГ қорытынды таңдаңыз:

- А) Синусты ырғақ минутына 76 рет, 2 дәрежелі синоаурикулярлы блокада, ЖЭӨ солға ығысуы, сол қарынша гипертрофиясы
- В) Синусты ырғақ минутына 76 рет, 1 дәрежелі синоаурикулярлы блокада, ЖЭӨ оңға ығысуы, сол қарынша гипертрофиясы
- С) Синусты ырғақ минутына 76 рет, 1 дәрежелі АВ блокада, ЖЭӨ оңға ығысуы, оң қарынша гипертрофиясы
- Д) Синусты ырғақ минутына 76 рет, 1 дәрежелі АВ блокада, ЖЭӨ горизонтальді бағытта, сол қарынша гипертрофиясы
- Е) +Синусты ырғақ минутына 76 рет, 1 дәрежелі АВ блокада, ЖЭӨ солға ығысуы, сол қарынша гипертрофиясы



283. Жүрек ақауымен ауыратын науқастың фонокардиографиялық зерттеуінде: жүрек ұшында максимальді анықталатын бәсеңдейтін пішіндегі систолалық шу, I тон амплитудасының төмендеуі анықталды, III тон тіркелді. ЭКГ: синусты ырғақ минутына 78 рет, жүректің электрлік өсі солға ығысқан, I, AVL, V1 әкетулерінде P тісшесінің ұзақтығы 0.12 сек, екі өркешті, оның екінші өркеші бірінші өркешінен биік, кеуделік әкетулерде $RV_6 > RV_5$, $RV_6 + SV_1 > 38$ см. Осы аускультациялық және ЭКГ мәліметтер қандай ауруға тән болуы мүмкін?

- A) +Митральді жетіспеушілікке
- B) Митральді стенозға
- C) Трикуспидальді стеноз
- D) Трикуспидальді жетіспеушілікке
- E) Өкпе артериясы қақпақшаларының жетіспеушілігіне



284. 72 жастағы науқас ЖИА, миокард инфартымен ауырады. Науқаста есінен танулар, тоникалық тырысулар дамып, еріксіз зәр және нәжіс бөлу пайда болды. ЭКГ - II дәрежелі AV-блокада, Мобитц II. 2:1. Осы патологияға қандай ЭКГ тән болуы мүмкін?

- A) Айқын синустық брадикардия
- B) Синусты ырғақ, P-Q интервалының ұзаруынсыз, периодты түрде PQRS түсіп қалуы
- C) +Синусты ырғақ, P-Q интервалының біркелкі ұзаруымен әр екінші QRS комплекстерінің түсіп қалуы
- D) P-Q интервалының біртіндеп ұзарып отыруы, артынан 3-ші немесе 4-ші P тісшелерінен кейінгі қарыншалық QRS комплекстерінің түсіп қалуы
- E) ЭКГ-да орынбасушы идиовентрикулярлы ырғақ тіркеледі

